

**Егемен Қазақстан**

 **Egemen.kz**

## Өр Шерханның өсиеті

Біз білетін Шерхан ағаның тұлғалық болмыс-бітімінде отаншылдық идея атойлайды. Оның рухани қалыбын туған елін шын сүйген, жеке бас өзімшілдігі, сыпыра даңққұмарлығы, жалған абыздығы, өркөкірек өлермендігі, менмендігі жоқ жазушы деп қабылдаймын. Шерағаңның «Бір кем дүние» атты іркес-тіркес философиялық ой-толғамдарында азаматтық тұлғасы мен жазмышы қатар өрілген. Жанры жан-жақты – эссеистика, этюд, портрет, естелік, қойын дәптер, сын, автопортрет, мысал, аңыз, сентенция десе болар. Автор субъективті көзқарасын объективті тезге салып жіберуден жаңылмайды.

Есімі Шерхан, шері – арыстан мен жолбарыс, ертеде Сырдария, Шу, Балқаш, Іле бойында жолбарыс тұқымы жыртылып айырылған. Жазушы «Ай мен Айша» атты ғұмырбаяндық романда өзін Барсхан деп алды. Ол расында бөріні пір тұтады. «Қазіргі көк байрағымызға: – Бөрінің басын салайық, – деп ұсынғанымда, кәдімгідей ақылды, биік дәрежелі, лауазымды адамдар күлді: – Ай, осы жазушылар-ай, қайдағы жоқты айтады, – деді. Мейлі, келер ұрпақ бізден гөрі парасаттырақ болса, түзетіп алар» дегені кейінгіге өсиет емей не? Қазақстанның Халық жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның қазақ тотемі, елдік символды қалтқысыз дөп таныған әулиелік ұсынысы шет қалғанына мен шын өкіндім! Иен даланың әуелгі иесі бөрі болатын. Көкжал бөрілер азайса, экологиялық жүйе бұзылады. Абадан ерлер азса, ел жоғалады. Қазақ халқы үшін бөрі – ежелден тектілік нышаны. Тектіліктен бас тарту бөтендерге жем болудың басы, қоршылық, намыссыз, ергежейлі, жасық құлдық психологияны өршіте бермек. Қорқаулық қылық имансыз, арсыз адамнан ғана шығады, тектіге жат мінез. Көкбөрінің мистикалық киесіне сеніп, дербес бейнесін көк туды болса деп тілеген үлкен жазушының интуиция-түйсігін дым түсінбеген соң біздің қоғамда кедергілер мен кемшіліктер жын атады. Барыс тотем болып жарытпайды, оның үстіне қазақ тотемі емес. Аң патшасына телініп жүрген арыстан маубас мысық нәсіліне тартып, циркте жонынан сипатады. Барыс сол тұқымнан. Тотемдік ұғымдар текке шыққан жоқ, мыңжылдықтар ырымы. Сүйінбайдан қалған аталы сөз: «Бөрі басы – ұраным, /Бөрілі менің байрағым. / Бөрілі байрақ көтерсе, /Қозып кетер қайдағым». Нұрлан Мәукенұлы «Бөрі болып жортқаным, / Бөрілі жұрттан қорыққаным» дейді. «Ұлыс» деген сөздің түбірі бөрілердің ұлу арқылы жиналатынын білген ежелгі түркі тайпалары бас қосарда шыққан деседі. Бөрі тек құдайға бағынғандықтан көкке тұмсығын созып ұлиды. Дұғадан аусашы. Басқа ешкімге бас иген емес. Шайқасқа түссе, дұшпанына өлсе есе жібермейтін кекшіл жыртқыш. Жер бетінде қорғаныстың күресуден өзге түрі жоқ. Дүниеде қолға үйренбейтін жалғыз аң бөрі болмағының құпиясы неде? Қасқыр қайсар, текті, азат,

ақылды аң. Бөрілікті аңсау идеясы Шерағаңда құр пафос емес. Бөрі ұлттық символ болса, эгрегорға айналар еді. Қазақ онда ұлт ретінде күшейіп, бірлік-берекесі артады. Эгрегордың қасиеті әр ұлттың рухани күш-қуатына әрі пассионарлық құбылысқа әсері тиюі әбден мүмкін. Шерхан Мұртазаның өсиеті мынау – қазақ халқы бөрінің азулығы, тектілігі мен айбарынан айнымаса екен. Асан Қайғының зары тектес ел қамы. «Жоғалған тіл»: «Болашақ» деген шығып, бай балалары шетелде оқып, бірсыпырасы сол жақта қалады. Бірсыпырасы елге қайтады. Білімі жақсы, істі біледі. Бірақ тек орысша, иә ағылшынша сөйлейді. Қазақшасы жоқ. Бір кем дүние». Қазіргі заманда қазақ баласына көп тіл білу ауадай қажет. Бірақ өзін-өзі жыға танымаған ұлт түбі ұтылады. Кез келген халықты аман сақтайтын құдіретті құдай ана тілімен, мыңжылдықтарда жинақтаған рухани қазынасы арқылы дарытады. Ағаштың жер астындағы тамыры арқылы биік өскен бұтақтарына нәр баратыны сияқты құбылыс. Шерағаңда өсиет пен мұрат қатар. «Камал Смайылов екеуміз сонау 1996 жылдан бастап екі жылға жуық «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде хат жазыстық. Ел тағдыры, жер, ауыл мұңы, заман кейпі туралы. Ауыл – біздің кіндігіміз. Кіндік үзілсе, көзімізге көк шыбын үймелейді! Урбанизация үдей түссе мейлі, ауылды қазақ бір астарлы қалыпта сақтап қалуы керек! Оған қазақ әлі жетеді, бұйырса! Кәрі Еуропаның кебін кигісі келмесе! Үлкен қалалардың айналасына ауылдарды шоғырландыра ма, кіші қалаларды көтере ме, әйтеуір бұған Қазақ мемлекеті мүдделі! Өйткені ауыл кетсе, – ұлттың ұйтқысы кетеді. Ұйтқы кетсе, ұлт іріп-шіриді. Міне, ішкен-жегенге мәз замананың баласы, біздің уайым осы».

Ауылдан шыққандарды мәмбет, топас дейтін теріс психология орныққалы ұлт рухани дүниесін көп жоғалтты, тіл шұбарланып, тозып бітті. «Әжека» деген сорақы сөзді қолданысқа «Перекресток» деген тұңғыш сериал енгізді. «Апашка», «аташка», т.б. жасанды масқара сөздер мәдениетсіздік, сауатсыздық белгісі екенін білмейтін иісалмас көп. Олар кітап оқымайды. Орысшаға келтіргенсіп «ка» деген ұсқынсыз әрі басы артық жалғауды жалғап, қасиетті ана тіліміздің тұнығын лайлап, сингармонизм заңын әбден бұзды. Мәңгүрттік. Шерағаңша айтсақ, «Кітап – ғажайып қазына. Кітапты сүймеген Құдайды да сүймейді. Адам жанын тот басса, оны тек кітап кетіре алады. Әрине, асыл кітап, адал кітап». Өз әріптестеріне әрі әдебиет әлеміне жүрегі таза жазушы Ғабдолла Тоқай, Шәкір Әбенев және Жекен Жұмахановты екі мәрте сүйінішпен атайды. Чивилихиннің «Земля в беде» атты очеркін екі рет атайды.

«Бір кем дүние» атты рухы сом, композициясы мозаика сияқты кіріккен туынды піл сүйегінен шебер ойған шахмат тасындай нақты, қысқа да нұсқа, сюжетсіз ой-толғауға құрылған. Әр тараудың дара атауы бар. «Жекеше көне ме»: «Өз пайдаңды ойлама, / Ел пайдасын ойла! / Өз пайдаң соның ішінде. / Бірақ бәрі солай ойламайды ғой. / Бір кем

дүние». Отан сүйгіш асыл мұрат бес сөйлемге сыйып кетіп тұр. Мемлекет іргесі берік болса, туған елің дербес әрі қуатты, ешкімге дес бермес, мықтылармен терезесі тең болса сол елдің азаматы ешкімнен кем болмайды, қор болмайды. Шерағаң заманында осал қазақ болған жоқ, бірақ дүниені жалпағынан басып, артық асап, біреуге зорлық қылмаған сияқты. Өзін зор тұтқан жоқ. «Араны ашылған, ашқарақ тойымсыздар – адалдықтың қазығынан ажырап қалғандар. Адалдықтың қазығы – қанағат». Келіншектау атауы туралы топонимдік аңызда («Итаяқтың кесірі») автор ой ұшығын бүгінгі күнмен жалғайды. «Қарап тұрсаң, мына қазіргі заманда да, сол бейшара қыздың абайсызда айтып қалған айып сөзін кешпеген Жаратқан ие мына қазіргі заманда түйені түгімен, кемеңі жүгімен жұтып жатқандарды қалай көрмейді – ғажап! Бірақ Құдай асықпайды: бұл дүние болмаса, о дүние бар; зауал әйтеуір бір соғар. Бұл тек бір кем дүние емес, екі дүниеде де кешірілмес мол кем дүние». Алтын бесік Отанды сырттан жау шаппай-ақ күйретіп тынуға душар ететін жаппай жемқорлыққа жаны қатты қиналғаны ғой. Материалдық байлыққа өлгенше құнығу, сол үшін ақыры кеселге ұрыну – адамзаттың мәңгілік майданы. Жазушы құнықпа, ұятсыз болма, мейманасы асқан жан тас болып қатады деп астарлайды. «Алтын өзі тотықпайды. Адамдардың жанын тотықтырады». «Әңгі есек» атты мысал проза жанрының алғашқы үлгісін тудырған көне Рим жазушысы Апулейді еске түсірді. «Алтын артқан есектің шықпайтын шыңы жоқ. Кейбір әкімдер, байлар сондай. Бір кем дүние». Апулей сиқырмен алтын есекке айналып кетіп, небір азапты шегіп, ақыры қайта адам болады. Пенде байлық үшін жанын сайтанға сатса, өлгенде тозаққа түседі. Барша дінде, әлемдік фольклорда солай.

«Ойшыл қарға» атты этюд Басенің классикалық һәм жұмбақ қарғасын еске салды. Сөз салмағын оқырман санасына сіңіруде Шерағаң құлағы естіген әзіл-сықақты ұмытпайды. «Қалтай айтқан»: «Журналист – это Қаранар, / Но мизерный гонорар. / Бір кем дүние». Қаламгерлер соңғы 30 жылда тегін жазды, күнін зорға көрді, соның куәсі. Юмор болса да қазақ кеңес әдебиетінің айтыла бермес ащы шындығы мына ұшпа этюдта таңбаланғаны таңғалдырды. Атауы – «Өгей шеше». Бұл да орысша. «Краткость – сестра таланта, мачеха гонорара». Қомақты қаламақыға арбалып, көркем шығарма көлемін бекер көбейтіп, әңгіме мен повесть орнына мылжың роман жазып, бірегей сюжетін қор қылған жазушылар болған. Ол шығармалар қазір оқылмайды. Шерағанда өз әріптестеріне деген сағыныш тұнып тұр. «Сарыала қаз» атты естелігі Оралхан Бөкей туралы ностальгия. Оралхан ерте өтерін сезгендей ән салады екен: «Елімнің бір жайлауы Құрымбай саз / Жайлаған алты ай жазға сарыала қаз. / Шолпандай таң алдында туып батқан, / Қайтейін, о, дүние, ғұмырым аз». Осы жерде Шерағаң өз эмоциясын аумай-төкпей оқырманға аударады.

Елге 30 жылда шырмауықтай діни экспансия енді. Қазақ халқын дін мен дәстүр қабысып небір катаклизмдерден аман сақтап келді. Шерхан Мұртаза әсіредіншілдікке ұрынған жоқ, өйткені ұлттық кодта ежелден иман мен ұят бар. «Жақсылықтың жаршысындай болып көзге оттай басылған көгілдір Наурызкөкті көрдім. Ол жылда мені көктемнен көктемге дейін жетектеп келе жатқан әулие құс. Көрісер көктеміміз көп болсын, әулие Наурызкөк! Сен көрінбей қалсаң, сол қиын. Нағыз кем дүние сол болар». Мұндай өмірсүйгіштік сарын, жарық күнге, жыл маусымына, Құдайдың титімдей құсына ризашылық шынайы адамшылықтан тумас па! Аллаға серік қосу деп әулие, аруақ деген сөзді аластауға ұмтылған, өз қағынан безінген қазақтар мұндайды қабылдамайды. «Имансыз болма»: «Біреулерге Құдай бәрін береді. Байлық та бар, алтын, гауһар, інжу-маржан – бәрі бар. Төрт құбыласы сай. Бірақ иман жоқ. Ең сорлы адам сол. Бір кем дүние».

Қазақтың ұлттық трагедиясы неде? Қазақ хас жақсысын танымай қала беретін халық екенін жазушы қалай дәл айтады. Талантқа өте бай бола тұра сөйтеді. Мұқағали, Шәмші, Төлеужан Ысмайылов шетелдік әріптестері сияқты тұрмысқа байланбай еркін өмір сүрді ме?! Шалқымақ түгілі? Әңгіме кейіпкері Ла Скалада ән салған сирек дарын Амангелді Сембин. «Қали Сәрсенбай жазады: «АҚШ-та талантты қорғайтын этикалық бас басқарма бар екен», – деп. Ондай мекеме бізде әлі күнге дейін жоқ. Ондай мекеме болса немесе аса дарынды адамдарды ала көзден, бәле көзден, сұқ көзден, театрдағы, өмірдегі дарынсыз Қотыраш, Батыраштардан, өзге де жақтың өзеуреген өсекші, бәлеқор, жалақорларынан қорғайтын заң болса, кім біледі, Сембин бәйшешектей ерте солмас еді». Құдай дарытқан саф талант таза дәулет, асқан мәртебе екенін білген соң күншілдер астыртын амалдармен даралықтың сағын сындырып жіберуге аянбасын былайғы жұрт жете ұқпайды. «Дуананың жирен қасқасы» атты әңгімедегі 99 жирен қасқасы бар байдың кезбенің астындағы жирен жылқысын тартып алып, жүзге толтырғысы келген озбыр қылығы өзгені өзінен асырмауға мүдделі дарынсыздың ішқұса күйігінен аумайды. «Бай дәулеттен айырылып, қайтып мал-мүлік құтаймай қойыпты». Сол сияқты шын талантты құртқандар Құдайдың қарғысын арқалайды. Оңтүстік Корея елі Чо Суми сияқты опера әншісін және «BTS» тобын мемлекет қазынасы деп аса биік бағалайды. Озық экономикасын айтпай-ақ қояйын, кинематография және шоу-бизнес саласында корейлер толағай табыстарға кенеліп жатқаны сондықтан шығар. Өйткені дарынды дер кезінде тани білу, қастер тұту – елдік аураны жақсарта түсетін ғажап жасампаз құбылыс.

Мұнда ғұмырбаяндық штрихтар аз емес. «Жеңіс тек әскер күшімен келген жоқ. Бірақ Жеңіс күніне арналған TV хабарларында не газеттерде тыл ерлері туралы ештеңе айтылмайды». Анасы Айшаның аруағын сыйлап, оның ұмытылмас бейнесін жанама беріп, соғыс кезінде ересектерден артық қара жұмысқа жегілген өзі сияқты барша жетімек

балалар және олардың жесір аналарын ойлап, жүрегі қан жылап жазып отыр. Әрі ел ескере бермейтін шындық. Балалығын соғыс қасіреті мен зіл батпан ауыртпалығы ұрлаған ұрпақтың психологиясын айқындайтын бір үзік сыр: «Пайғамбар жасына жақындасам да, кейде менің бала болып кеткім келеді. Кейде тіпті ауылға барғанда, кішкентай балалармен кәдімгідей асыққа таласқым да кеп кетеді» («Ай мен Айша»). Балаға тән қимас балдәуренді басынан шала кешкен адамның сөзі. Бек Тоғысбаевтың Жеңіс күні 50 жыл бұрын майданда өлген әкесін есіне алып жас балаша өксіп жылағанын сол шер көкіректен жазып отыр ғой. «Жетім бала мейірім аңсап тұрады. Бір Алланың рақымы жанымен мейірім аңсағаны үшін жетім балаға анық түседі. Менің өмірден түйгенім осы». «Жарты әлемді жаулаған Әмір Темір де мейірімге мұқтаж». Шерхан аға тасбақаның зарын, құладың ілген тауық балапанын, жылан жұтқан бақаны қалай жаны ашып күйзеле, мейірін төге суреттейді. Тылсым табиғатқа рухы жақын бақсылықты қанатты адамға теңейді. Анасы ауырғанда Аққыз бақсы емдеп жазғанын, Аққыз өлген соң Мыңбұлақта бақсы болған емес, орны ойсырап қалды деп сахарадағы байырғы сана-сезімге адалдығын жасырмайды.

Қазақтың қара өлеңіне қимай қайырыла беретін, «Социалистік Қазақстан» газетіне Има Сумакты кейіпкер етіп қос бет очерк жазған Шерағаң эстет, талғампаз. «Алматыда Има Сумакқа жолығып, сұхбаттасқан жалғыз мен болдым десем, мақтаншақ демендер. Сіз біздің кечуа-индеецтерге ұқсайды екенсіз, – деді сонда маған ғажайып Има Сумак, – басқа ешкімді қабылдамаймын». Осы деректен соң Ютубтан Перудің сол ұлы әншісін тауып тыңдағанмын.

«Баяғыда Ақсақ-Құлидың ауылынан бір аяқ боза ішсем бетім алаулап кететін еді, жазу десе әлі күнге жүзім бал-бұл жанады», дейтін Шерхан Мұртаза алдына қара салмай, артына қара ертпей, өзі ғана дара болуға құмар эгоист жазушылардан емес. Маңғыстаудан Фаризаны, Алтайдан Оралханды жазбай танып, қамқор болған, адам баласын алаламайтын Шерхан ағаның кеңдігін мен де көрдім. Шерхан Мұртаза «Айгүл Кемелбаеваның әңгімелерін іздеп жүріп оқимын» деп газетте пікір айтқаны бар («Жас Алаш», №18. 12.02.2002. Сұхбаттасқан Нәзира Байырбек). Аузы дуалы, беделі зор жазушы айтқан соң қызғаныштан іші күйіп, мені улы тілмен шағып алғандар болды. Мұндайда жасып, қиналу қайда, елең қылмадым. Күншілдік азаймайды, әйткенмен әдеби бағың арта түседі. Шерхан аға жоғары бағасын мені көрмей тұрып сырттай берген еді. Кейін екі-үш мәрте әдеби жиындарда көз көргенде бауырмалдық танытып, мейірін төгіп, суретке түсіп, ал соңғы көрген мерейтойында мәртебелі кісілер көп болса да риза пейілмен тілдескені жадымда қалды.

**Айгүл КЕМЕЛБАЕВА,**